



Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

...Ел бірлігін сақтаған тәуелсіздігі айт.
Жамбыл



№ 29 (5864)
22 шілде
сенбі, 2017 жыл

АТАМЕКЕН

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

◆ Депутат ел арасында

СЕНІМ ҰШҚЫНЫН СЕЗІНДІ



Жуырда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Аңсар Мұсаханов мырза Теміржол селолық округіне қарасты егістік алқаптарын аралап, мұндағы нақандық жұмыстарға бел шеше кіріскен еңбеккерлердің тыныс-тіршілігімен танысты, жерлерімен емен-жарқын әңгіме өткізді.

Биыл округте барлығы 2400 гектарға дәнді дақылдар себілсе, оның 600 гектары күздік бидай, 1800 гектары арпа болатын. Қазір осы өңірдегі ірі шаруашылық саналатын Сәбетбек Еркінбайұлы басшылық ететін «Р-Күрті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Ерлан Арызбаев басқаратын «Ш.А.Ә. Қазыбек бек» ЖШС-нің егіс алқаптарында қызу жұмыс басталып кеткен. Алқаптағы алтын дәнді

ысырапсыз жинап алу үшін 8 комбайн тынымсыз астық отуда. Нәркен Сүгірбеков, Тарақты Беделбаев сынды қажырлы еңбеккерлер уақытты ұтымды пайдалануды мақсат етуде. Округ бойынша 500 гектар алқаптың өнімі жиналып, қамбаға 600 тонна дәнді дақыл құйылыпты. Орта есеппен әр гектардан 12 центнерден түсім алынуда.

Сенатар Аңсар Тұрсынханұлы ауыл еңбеккерлерінің өрелі табысына өз ризашылығын білдіріп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың аса көреген саясатына сай Парламенттің екі Палатасында да терең талқыланып, қабылданып жатқан маңызды құжаттардың бәрі ел болашағын баянды етуге бағытталатынын айтты. Әсіресе, Елбасының «Болашаққа бағдар:

рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алға қойылған тың міндеттерге тоқталды. Бұл орайда бәсекелік қабілет, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы туралы, «Туған жерге туынды тік» деп тәлімдеген халқымыздың даналығына сай болуымыз керектігі жайында мазмұнды да әсерлі пікірлерін ортаға салды. Туған жердің қадір-қасиетін терең сезінетін өз жерлерінің кейінгі кезеңдегі серпілісіне алғыс білдірген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері олардың болашағының бұдан да жарқын боларына көз жеткізе сөйледі.

Иә, Өтеген-Қазыбек деп аталатын қыратты таулар мен адырлы жондарды, түгін тартса майы сорғалап тұратын жусанды жазықты, саф ауасы жанға дәру сайын дала төсін мекен еткен арда ағайын туған жерді түлету үшін ешқашан аянып қалмаған. Күні кеше де, бүгін де бұл өңірде мың-мындап ақтылы қой, үйір-үйір жылқы өргізіп, келе-келе аруана текті асыл түйе өсірген күртіліктердің үлгісі көпке үлгі. Енді бұйыртыса, бекет бойынан индустриялық аймақ құрылмақ. Онда Теміржол ауылдық округінде тұратын барша азаматтардың тұрмысы көркейіп, тынысы кеңейе түседі.

Қазыбек бек бекетіндегі диқандармен кездесу сәтінде еліміздің төл перзенті, ауыл шаруашылығы саласының аса білгір маманы, мемлекет басшысының сенімді серіктері санатында жүрген саңлақ сенатор Аңсар Мұсаханов мырза сергектікті серік еткен өз жерлерінің көзінен ертеңгі күнге деген бек сенім ұшқынын аңдап аттанды.

Р. АЛМАС.

◆ Рухани жаңғыру

Жуырда «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес аудандық мәслихат депутаттары Орынбасар Торғаев пен Сәбит Талдыбаев Ұзынағаш ауылының

Қоғамдық қабылдау

жастарымен кездесіп, қоғамдық қабылдау өткізді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жастар тәрбиесі, білім жүйесі, оның ішінде мектеп бағдарламасындағы өзгерістер туралы көптеген қордалы мәселелер легі талқыланып, атқарылған және болашақта қолға алынатын жоспарлар ортаға салынды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мен «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауындағы тапсырмаларды жүзеге асыру барысы қызу талқыланды. Осы құжаттардың ішкі мазмұнын зерттеп, онда көтерілген көкейкесті тақырыптар талданды. Қазақстанның болашағы жастардың қолында екені, олардың білімге және кез келген қоғамдық өзгерістерге бейімделуі, сана ашықтығы мен прагматизмді бойына сіңіру маңыздылығы атап өтілді.

Әрине, осындай түйткіл мәселелерді шешуге, қоғамдағы келеңсіздіктерді жоюға, жастарға заңдық тұрғыдан кеңес беруге арналған жиындардың ауданда жиі өткізілуі ел ертеңіне деген сенімділік пен күш-қуат беретіні анық.

М.ТҰРСЫНҚЫЗЫ.

◆ Ойтамыздық

Кеше Ұзынағаш ауылында С.Бердіқұлов атындағы орта мектеп пен аудандық «Шынасыл» мешітінде аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Деструктивті діни ағымдардың қоғамға әсері» атты кездесу өтті. Оған облыстық дін істері басқармасының «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» КММ-нің инспекторы Ерлан Матаев, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Медеуова, «Нұр Мүбәрәк» Египет Ислам мәдениеті университетінің оқытушылары Нұрлан Анарбаев пен Жандос Ешмахановтар қатысты.

Алғаш сөз алған «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» КММ-нің инспекторы Ерлан Матаев: «Біздің бабаларымыз «Дінді ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деген еді кезінде. Сондай қасиетті дінімізді қазіргі таңда біз қасіретке айналдырып алғандаймыз. Себебі, экстремизм мен терроризм ұғымын біз дінге теліп қойдық. Ал, дін осыны қолдай ма? Біздің дініміздің негізі солай ма, соның түп тамырын зерттей білуіміз керек.

Оны зерттей білсек, Ислам діні экстремизм мен лаңкестікті мүлде құптамайтынын көреміз. Оған қасиетті Құрандағы «Себеңсіз бір адамды өлтірсең, бүкіл адамзатты өлтіргеніңмен бірдей» деген аяты мен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистеріндегі «Мұсылман деген тілімен, ісімен өзгелерге зиян тигізбеген адам» дегені дәлел болады. Осыны білген адам баскесерлік әрекетке бармасы анық. Ал бірақ, қазір арамызда кейбір бауырларымыз осы айтылған аят пен хадистерге қарсы амал етіп жатқанын көреміз.

ҰСТАЙ АЛСАН, ДІН – ҚАСИЕТІҢ...



Олар мешіт табалдырығын жаңадан аттаған жастардың санасын қатты улауда. Діннен хабары жоқ адам мешітке келсе, оған қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді мысал ете отырып, ақырында әлгі жасты өзінің бір туған бауырларына, қала берді ата-анасына айдап салады.

Бүгінгі таңдағы паракорлық пен зинакорлық (некесіз қарым-қатынасқа түсу) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дәуірінде де болған. Бірақ, Алла елшісі (с.а.с.) ешкімді зорлап дінге кіргізбеген. Керісінше, көркемділікпен, кішіпейілдікпен дінді насихаттаған. Оған дәлел мына бір оқиға.

Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.с.) бір жас жігіт келіп: «Ұа, Алланың елшісі, мен зинакорлық істегім келіп тұр. Маған рұқсат беріңіз», дегенінде Алла елшісі ашуға булықпастан әлгі жігіттің жанына жақындап келіп: «Сен осыны, яғни, зинакорлықты өзіңнің туған қарындасың мен әпкеңе қалайсың ба? Болмаса, өзіңнен туылатын қыз балаңа біреу

зинакорлық істегенін қалар ма едің? Немесе сенің әкең қайтыс болып, жалғыз қалғаныңда анаңа біреу солай жасағанын қалар ма едің? – дегенде жаңағы жас жігіт жылап жіберіп: «Жоқ, Алланың елшісі, қаламаймын!», – депті. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған: «Өзіңе қаламағанды өзгеге де қалама» – деп, кеңес беріп әлгі жігітті жамандыққа жуымай, жақсылық жасауға шақырады.

Ал біздегі кейбір жастар 3-4 жыл ғана намаз оқып, сан ғасыр бұрын Әбу Ханифа мәзһабының негізін қалап кеткен ғалымдардың айтқанын теріске шығарып, намаз оқымағандарды көптің теңеуде. Бұл үлкен қателік. Олармен тек белгілі бір мекеме емес, бүкіл қоғам болып күресу керек» – деп сөзін қорытындылады.

Ерлан Матаевтан кейін сөз алған «Нұр Мүбәрәк» Египет Ислам мәдениеті университетінің оқытушылары Нұрлан Анарбаев пен Жандос Ешмахановтар: – Біз дәстүрлі құндылықтарды терістейтін өктем іс-әрекеттерге денгейіне қарай деструктивті болмаса, экстремистік немесе террорлық деп сипаттама беріп жатамыз. Соңғы кезде осы теріс сипаттамаларға діннің аты қосақталатын үрдіс пайда болды. Яғни «деструктивті дін», «діни экстремизм», «діни терроризм» деген атаулардан көз сүрініп, құлақ тұнатын жағдайға жеттік. Әлбетте, басқа түскен індеттен қашып емес, шешіп қана құтыла аламыз. Олай болса, алдымен «деструктивті діни ағым», «діни экстремизм», «діни терроризм» ұғымдарының бір-бірінен қандай ерекшелігі бар екенін ажыратып алу керек. Діни экстремизм деп

діни дұшпандылық пен жек көрушілікті қоздыру мақсатымен мемлекеттің аумақтық біртұтастығы мен тәуелсіздігін бұзу және мемлекеттік құрылымды күшпен өзгерту мен билікті күшпен басып алуға үгіттейтін дінге негізделген немесе діни элементтерді қамтыған қауіпті істі айтамыз.

Еліміздегі исламдық бағыттағы деструктивті ағымдарға негізінен сәләфилік идеямен қаруланған топтар жатады. Олар ел болашағына қауіпті. Қоғамда болып жатқан осы сияқты құбылыстар өте күрделі мәселеге айналып отыр қазіргі таңда. Елдің ішіне іріткі салып, бүлік тудырғысы келіп жүрген мұндай азаматтар білімсіздіктің кесірінен осындай жолға түсуде. Олар өздері саяси идеологияның құрбаны болғанын білмей жүр. Білсе де мойындағылары келмейді. Себебі, рухани азған адамның өз ойынан айнып, кері қайтуы қиынның қиыны.

Айрандай ұйып отырған ұшса қыран, шапса тұлпар тұяғы талатын кең байтақ қазақ даласына көз тігіп, араға бүлік салып, бейбіт елдің берекесін қашырғысы келіп жүрген солақай саясаттың құрбаны бұлар. Кешегі көзтартар әдемілігімен, білімімен күллі әлемді мойындатқан Ирак пен Сирияның қазіргі жағдайы бәрімізге мәлім. Олардың тыныштығын бұзған да осындай дінбұзарлар болатын. Сондай қасіретті бастан кешірмеу үшін бәріміз бірігіп күш салып, олармен күресуіміз керек. Діни мәселе төңірегінде туындаған сұрақтарыңыз болса арнайы білімі бар мамандар мен имамдардан ғана кеңес алыңыздар. Сонда ғана сіздер адасқан топтың құрамына кірмейсіздер, – деді.

Елдар ЖАҚЫПБЕК.



«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында бірыңғай жұмысқа орналастыру мәселесі түсіндірілді.

«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында бірыңғай жұмысқа орналастыру мәселесін түсіндіру бойынша тұрғындардың үйлеріне барып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

БАҒАЛЫ КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Мақсаты: мүгедектерді тұрақты жұмысқа тұрғызу, мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісі жоқ жағдай жасау, қоғам мен бизнестің назарын мүгедектердің мәселесіне аударуға бағытталған ақпараттандыру жұмысын күшейту.

Шара барысында аудандық партия филиалы қызметкерлері, жұмыспен қамту орталығының орынбасары Қ.Нәметова, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы Ж.Сағибаева, «Жас Отан» ЖҚ мүшесі, Ұзынағаш селолық округі әкімдігінің бас маманы Л.Момбекованың қатысуымен бірқатар мәселелер шешіліп, көмектер көрсетілді.

Кездесу барысында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тұрақты жұмысқа орналасу барысы жайында кеңестер беріліп, арнайы кәсіптік білім алуға өтініш білдірген мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өтініштері қаралды.

Раушан АМАНҚҰЛОВА,
«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кеңесшісі.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіндегі әлеуметтік қызметкердің рөлі

Әлеуметтік қызметкер – бұл халықтың қорғалмаған топтарына (жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға) моральдық және құқықтық қолдау көрсетуді қоса, тұрмыстық жағдайларда көмек көрсететін маман.

- қиыншылықты басынан кешірген, мәселелері бар адамдар тобын айқындау;
- жиналған ақпаратты бағалау мен бір жүйеге келтіру;
- клиенттер туралы алынған мәліметтерді талдау және топтау;
- олардың мәселесін шешетін мекемелер, ұйымдар табу;
- адамдар арасындағы жанжал кезінде сарапшы болу, олардың бірге жұмыс жасауына, уағдаластықты шешуге көмек көрсету;
- адамдардың қорғаушысы болуға, олардың құқығы үшін күресуге, заңға өзгертулер енгізуге;
- адамдарға білім беру үшін мұғалімдік қызмет атқару, оларға психологиялық қолдау көрсету;
- басқа да әлеуметтік қызметкерлерге көмек көрсетіп, кеңесші болу;
- әлеуметтік жұмысты құру;
- басқару, қабылданған басқару шешімдерін жүзеге асыру;

Әлеуметтік қызметкерлер кез келген мұқтаж болған адамға түйінді мәселесін шешуге көмектеседі. Олар тек қана әлеуметтік жағынан көмек көрсетіп қана қоймай, заңды түрде көмектесуге атсалысады.

Ол ізгілік пен теңдік қағидаларына, адам өмірінің түрлі саладағы білімге, әлеуметтік мәселелерді бағалау және қиындықтарды басынан кешкен адамдарды қолдау икемділігіне негізделген, адамдар мен қызметтердің түрлі топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарындағы мәселелерді шешуге және адамның бостандық пен лайықты өмірге құқығына себепші болады.

Қызметкердің бойында қайырымдылық, жанашырлық (эмпатия), көпшілдік, ұқыптылық, адалдық және ұйымдастырушылық қабілеттері болуы керек. Осы заманға сай әлеуметтік қызметкер өз саласын жаксы меңгерген, психологиялық мән-жайды, өмірдің тіршілік әрекетін заңды игерген дәрігерлік-психологиялық күзіреттілік ықыласпен көмектесетін, мейірімді, жоғарғы өнегелі қасиеттері бар болуы керек. Қазіргі кезде бірде-бір дамыған мемлекет әлеуметтік қызметкерлерсіз болмайды.

Ж.ҚАРЫМБАЕВ,
Жамбыл аудандық ЖҚЖӘББ-нің басшысы.

Жамбыл ауданы бойынша Қарасу ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы хабар

№	Аты-жөні, tегі	Туған жылы	Жұмыс орны	Мекенжайы
1.	Өтепов Асхат Мүлкібайұлы	19.09.1974	Қарасу ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Сарыбай би ауылы
2.	Молдахалыкова Гайһар Жоямергенқызы	22.07.1971	Талап ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Сұраншы батыр ауылы
3.	Сәлімбаева Майра Жұмашқызы	22.01.1969	Жамбыл ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылы

Қарақыстақ ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Жапаров Бақыт Жораұлы	31.10.1961	Қарақыстақ ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы
2.	Жанахметов Айдын Амангелдіұлы	20.03.1973	Сарытауқұм ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Ащысу ауылы
3.	Исабеков Самат Серікұлы	12.06.1983	Жамбыл аудандық ветеринария бөлімі басшысының орынбасары	Жамбыл ауданы, Еңбекшарал ауылы

Мәтібұлақ ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Нәметов Қуаныш Мұратбекұлы	09.05.1974	Мәтібұлақ ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Таңбалытас ауылы
2.	Дүрекеева Базаркүл Нәсіркызы	11.02.1962	Самсы ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Самсы ауылы
3.	Омарова Жұмағыз Келгенбайқызы	23.10.1987	Беріктаc ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Беріктаc ауылы

Сарытауқұм ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Жарықбасов Талғат Рахманұлы	21.06.1962	Сарытауқұм ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Ащысу ауылы
2.	Ибрагимов Салават Судақжеңұлы	30.08.1962	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы
3.	Қасымбаев Мәлік Серікұлы	05.11.1971	Қарақыстақ ауылдық округі әкімнің орынбасары	Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылы

Таран ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Бейсенбеков Бақыт Рысқелдіұлы	27.04.1972	Таран ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Б.Қыдырбекұлы ауылы
2.	Бұқарбаева Әлия Еремекқызы	30.10.1981	Қарғалы ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Қайназар ауылы
3.	Чашабаев Азамат Тұрсынбекұлы	27.04.1975	Қарғалы ауылдық округі әкімнің орынбасары	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы

Үлгілі ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Шыныбеков Дархан Асылханұлы	06.06.1982	Үлгілі ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Үнгіртас ауылы
2.	Ескелова Нұргүл Талғатқызы	30.05.1990	Шолаққарғалы ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Үмбетәлі ауылы
3.	Шошықбаева Айгүл Шекеберекқызы	01.01.1968	Жамбыл аудандық әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Үмбетәлі ауылы

Үлкен ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Рахимов Болатай Жахияұлы	30.03.1956	Үлкен ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Үлкен ауылы
2.	Қарымбаев Жақсылық Сұлтанұлы	22.06.1960	Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы
3.	Қартаңбаев Ерек Мұсаханұлы	25.03.1963	Жамбыл аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы	Жамбыл ауданы, Самсы ауылы

Шиен ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

1.	Иманбаев Еркін Жайлаубайұлы	06.07.1965	Шиен ауылдық округінің әкімі	Жамбыл ауданы, Шиен ауылы
2.	Найзабекова Айнұр Егінбайқызы	15.12.1976	Шолаққарғалы ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Қасымбек ауылы
3.	Момбекова Лия Әлімханқызы	01.01.1961	Ұзынағаш ауылдық округі әкімдігінің бас маманы	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Роль социального работника в сфере предоставления специальных социальных услуг

Социальный работник – это специалист оказывающий моральные, правовые и бытовые услуги одиноким престарелым и инвалидам, детям с ограниченными возможностями и осуществляющий оценку и определение потребности в специальных социальных услугах.

– «Определитель клиента» – находит клиента, устанавливает факторы, побудившие проблемы;
– брокер – социальный работник направляет нуждающихся людей в соответствующие службы;
– посредник (буфер) – социальный работник между людьми с целью помочь преодолеть разногласия;
– адвокат (защитник) – социальный работник борется за права и достоинства людей, нуждающихся в помощи;
– оцениватель – социальный работник собирает информацию, оценивает проблемы людей;
– мобилизатор – социальный работник собирает, активизирует, организует действия для решения проблем;
– учитель – социальный работник передает информацию, знания.

– корректор поведения – социальный работник вносит изменения в поведенческие стереотипы;
– консультант – помогает решить клиенту проблемы;

– проектант сообществ – социальный работник, планирующий развитие программ деятельности;
– менеджер информации – социальный работник собирает информацию об окружающей среде;
– администратор – социальный работник, управляющий социальной службой;
– практик – конкретная помощь социального работника на местах.

Социальный работник – организатор, управленец, преподаватель, исследователь, выполняет роль посредника, медиатора между индивидом и социальными институтами, понимать проблемы клиента и адекватно воспринимать жизненные проблемы особенно тогда, когда индивид сам не способен выработать новые привычки и навыки, удовлетворить возросшие потребности измененной социальной среды, выскивать индивидуальные и социальные ресурсы и, соответственно, избежать социальную дисфункцию.
Профессиональный социальный работник может содействовать индивиду в осознании проблемы, в поисках путей и средств ее решения.

Ж.ҚАРЫМБАЕВ,
руководитель ОЗиСП Жамбылского района.

Мемлекет басшысы Қазақстанның 2050 жылға қарай әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруін қамтамасыз ету жөнінде өршіл міндеттеме қойды.

Мүлікке деген құқығыңыз расталды ма?

Ал бұл өз кезегінде елдің, адам өмірінің, қоғамның сапасын арттыру мен мемлекеттілікті нығайту үшін жүргізіліп отырған бағыты тиімді қамтамасыз етуге тиіс ұлттық құқықтық жүйеге жоғары талаптар қояды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Меншік құқығы» индикаторы бойынша жауапты ретінде анықталған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 188-бабына сәйкес, меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Жылжымайтын мүлікті тіркеу соңғы жылдары барынша жеңілдетілген, бірақ баспанасын сатып, оның құжатын дайындаған жандар болмаса, әділет саласында қандай жетістіктердің қолға алынып жатқандығынан басқа жұрт бейхабар. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жылжымайтын мүлікті тіркеуге қатысты заңнама талаптары, оны орындау тетіктері жан-жақты таныстырылуда. Мәселен, бұрын баспана сатып алғандар, заңды тіркеуге қою қажеттігін ескермей жүре беретін. Ал қазір, сатып алу-сату келісім шартын нотариус жасағаннан кейін, бірден ортақ базаға тіркеу мүмкіншілігі қарастырылған. Мұндай өзгеріс азаматтардың сандалысын азайтып, мүліктің заңды түрде өз уақытында тіркелуін қамтамасыз етеді. Құжаттардың қысқаруы, жұмыстарды автоматты түрде орындайтын электрондық қызметтің тәжірбиеге қосылуы азаматтардың құзырлы органдарға деген сенімін одан ары нығайта түсті. Осы ретте айта кетерлігі, жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу – мүлікке құқығыңызды растайтын міндетті рәсім болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы шілденің 26-дағы Заңының 9-бабына сәйкес тұлға құқық (құқық ауыртпалығы) туындауы үшін негіз болып табылатын заңдық факт басталған, оның ішінде шартты нотариат куәландырған, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілейтін құжаттар берілген кезден бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті. Белгіленген мерзімді бұзуы Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 460-бабына сәйкес көзделген жауаптылыққа әкеп соғатынын естен шығармаған жөн.

Бүгінде заңдардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, жұртшылықтың ақпараттандыру деңгейін арттыру жұмыстарын жүргізу, бұл өз кезегінде Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі көрсеткішіне оң әсер ететіндігі анық.

А.БӨБЕКБАЕВ,
Жамбыл аудандық әділет басқармасының басшысы,
Қазақстан заңгерлер одағының мүшесі.

СУЫҚТӨБЕГЕ САПАР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын темірқазық еткен азаматтар жуырда мәні зор іске мұрындық болды. Халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін бекемдей түсетін шара Сарыжазық жайлауында өтті. Құзына қыран ұя салған Суықтөбе тауына ту тіккендердің бойын бөлекше сезім биледі сонда. Туған жерге, өскен елге, қазақ ұлтына деген сүйіспеншіліктен туған перзенттік сезім еді бұл.



Суықтөбенің етегінде қатар жатқан Қастек пен Сұраншы батыр ауылынан түлеп ұшқандар жастарға өрісті өнеге болар шара атқарды. «Бұл шараға өзге де аудандардан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысынан азаматтар қатысты. Жаугершілік заманда тізе қосып жауға бірге шапқан өзге де ру, ата балалары шақырылды», дейді ұйымдастырушылар.

Бір күн бұрын Сұраншы батыр ауылының мешітінде ата-баба аруағына құран бағышталып, ас берілді. Арысы Астанадан, берісі Алматыдан келгендер туған жерге деген риясыз көңілден шыққан лебіздерін айтып, Елбасының рухани жаңғыру жөніндегі бастамаларына қолдау білдірді. Ертеңінде таң ата ту тігуге ниеттенгендер жол талғамайтын алты көлікпен Сарыжазықты бетке алды.

Автокеруен Қастек ауылынан екі жарым шақырым шыға бере адырға аялдап, осындағы аса маңызды археологиялық ескерткіш – Орта ғасырлық Қастек қалашығының орнымен танысты. Одан ары Қастек өзенін бойлай қара жолмен өрлеп отырып, Сарыжазық жайлауына жеткенде күн арқан бойы көтерілді. Ауылдан жайлауға дейін жиырма бес шақырым еңсерілді. Енді тау басына жаяу

шығу керек. Шілденің қапырық ыстығы мұнда да күйіп тұр екен. Сол күні термометр бағаны етекте 47 градусты көрсетіпті. Оның үстіне саяхатымыз жайлаудың күнгей бетінде. Маңдайдан шыққан шым-шым тер самайдан сорғалап, жотамызды күн күйдірді. Әр қадамды еппен басып, деміл-деміл дамылдап алып, асықпай-аптықпай алға жылжи бердік.

Биіктен қараған сайын тау суреті сұлулана түсті. Дамылдап отырып, айналаға көз суарасын. Туған жердің көркіне көз тоймайды. Неткен ғажап! Сондай сәтте ағарымздағы өткен-кеткеннен хабары мол ағарал әңгіме қозғайды, осындағы жер-су атауынан сыр ақтарады. Тыңдаған сайын туған өлке тарихына қаныға түсесің. Анау қарсы беттегі үшкірлей біткен үлкен қара төбе – Тотия биігі. Басына дейін қалың тал-тікен қаулаған. Ертеректе қаптап келе жатқан жоңғар әскерінен қорғану үшін бала-шаға, шал-шауқанды соған шығарып жіберіп, ер азаматтар өздері етекте қарсы тұрған. Сонда Тотия есімді бір кейуана таудан отын арқалап келе жатып, арқасындағы отыны қалпияда жартастың қырына ілінгенде тік қапталдан төменге құлап кетіпті. Содан солай аталған. Бұл өңірде Екіаша, Сулысай, Нарбота сайы, Шынасыл сайы, Белата,

Көктөбе, Қастек асуы, Үшкір, Қапсалаң, Қаңлысай, Қырғызсай деген көптеген тарихи жерлер бар.

Суықтөбе туралы аңыз-әңгімелерді белгілі балалар жазушысы Мұхаметжан Етекбаев ағамыз тамсанта жазған еді. Осынау түгін тартсаң майы шығатын шұрайлы аймақты қаумалаған дұшпаннан қорып, небір батырлар өткен. Оның ішінде Қарасайдың тікелей ұрпағынан Сұраншы мен Саурықтың ерлігі жыр-дастанға арқау болды.

Қазіргі дереккөзде таудың абсолюттік биіктігі 3273 метр, ұзындығы 85 шақырым, ендік жері 25 шақырым деп көрсетіліпті. Біз тау басына таяп қалдық. Мал аяғы баспағандықтан, құйқалы қыртыстың шөбі қалың, кей тұсы адам бойынан асатын қорыс. Гүлдің де неше түрі түкті кілемдей құлпырып тұр. Алуан шөптің хош иісі мұрын қытықтайды. Таутеке, салт атты адам, бұғы, билеген адамдар, ит бейнеленген таңбалы тастарды кезіктірдік. Адам аяғы баруы қиын Суықтөбеде бұдан өзге де жәдігер көп болуы мүмкін.

Суықтөбенің Қастек ауылынан қарағанда көрінетін ең биік шыңына жеті сағатта жүріп жеттік. Көк туды жартасқа бекітіп, суретке түстік. Арамыздағы ақсақал, жасы жетпістегі Нұртай қажы Айдынбайұлы аруақтарға құран бағыштады. Бұл кезде Арықбай Ағыбаев, Жұмаш Арғынбайұлы, Бейсенбек Смағұлов, Асқар Селеубаев, Жолдасхан Құрамысов пен оның ұлы Санжар таудың басқа бір биігіне көтерілген еді. Бердібек сайымен өрлеген олар Жолдасхан Әукенұлының атасы, 1931 жылдың нәубетінде нақақтан қаза тапқан Құрамыстың және онымен бірге мерт болғандардың сүйегі қойылған орынды іздеді.

Етекте тігілген шатырға оралып, өзеннің мұздай суына бір-бір шайынып, округ әкімі Берік Әлішевтің ұйытқы болуымен ауыл адамдары жайған дастарханнан дәм татқанда кеш те батты. Тау басынан ескен салқын ауа денені жаурата бастағанда түнделетіп жайлаудан түстік. Елбасының жалпыұлттық патриотизмді насихаттайтын туған жер, киелі жерлер географиясы жайлы айтқандары ұлтты ұйыстыратын бастама екеніне сапар барысында анық көз жеткіздік. Тасына тарих тұнып, қойнауы қазынаға толы қасиетті мекенге жасалған мұндай экспедицияның берер өнегесі мол.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.

Суретте: тауға ту тігу шарасына қатысушылар. (Суретті түсірген автор).

Ұлттық бірегейлікті сақтау

Жуырда Қазақстанның халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылап, көпшілікке ой салуға бағытталған мәнді жиын болып өтті. Бұл жиында сөз алған белгілі әдебиеттанушы ғалым Нұрдаулет

ҒАЛЫМДАР КЕЛДІ АУЫЛҒА

Ақыш қазақ халқына дер кезінде жолданған осы мақаланы жер-жерде халыққа түсіндіру мақсатында ғалымдар арасында топ құрылып ауыл тұрғындарымен кездесу өткізуге келгенін баяндады.

Рухани жаңғыру дегеніміз – өткеннің озығын жаңғыртып, тозығынан арылу, қысқасы, ұлттық салт-дәстүрге, білімге, рухани мұраға көңіл бөлу. Осы орайда, Нұрдаулет Ақыш әдебиет пен өнер институты шығарған «Бабалар сөзі» атты құнды кітапқа өзі де ғалым ретінде атсалысқанын айтты. Өткен тарихтың құндылықтарын сақтап келешекке жеткізуде музейлердің де алатын орны ерекше екендігін, бір Жамбыл ауданында ғасырлардан сыр шертетін «Таңбалы» қорық мұражайының, Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі әдеби-мемориалды музейлерінің бар екендігін айта келе, осы жолғы жиындарын әдейі Үмбетәлі музейінде өткізуді жөн санағанын жеткізді. Қазақтың бар жақсы қасиеттерін ел болып, жұрт болып әлемге таныту үшін енді біріміздің аянбай еңбек етуіміз керектігін мәлімдеді.

Сол сияқты филология ғалымдарының кандидаты Серікказы Қорабай: – Ұлттық құндылықтарымыз – Абай, Жамбыл, Құрманғазы, Үмбетәліден бастау алған. Біз соларды заманға сай жастардың санасына жеткізуіміз керек. Бұл да тәрбиенің бір көзі, – деді.

Ғалымдар келешекте латын қарпіне көшерде кириллицадан бірте-бірте ажырау керектігіне назар аударды. Жас ғалым Алмас Оралбек енді тек қана экономиканы ойламай, рухани тәрбие беру саласына да көп көңіл бөлу керектігі жайлы ой қозғады. Ғалымдар мен жиынға қатысушылар мектептегі білім берудің кемшіліктеріне, оқулықтардың сын көтермейтініне де тоқталды. Кітапхананың болашағы жайлы сұрақ қойған кітапханашы Әбжелолова Зағишаның сұрағына да өздерінің тұщымды жауаптарын берді.

Емен-жарқын өткен жиында әркім өз ойларын еркін жеткізген әдемі диалог болды. Жиын соңында жас ғалым Алмас Оралбеков қонаққаде ретінде қазақтың халық әндерін шырқаса, оған жауап ретінде Әуелбек Ысқаков Жамбыл мен Үмбетәлінің жырларынан үзінді айтты.

Жиын соңында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Светлана Алтынбекова, Жамбыл музейінің меңгерушісі Мәулен Қожашев сөз алып, музейлерге арнайы ат басын бұрып, рухани мәнді жиын өткізген ғалымдарға алғыстарын жеткізді. Келген ғалымдар Үмбетәлі музейін аралап, дастарханнан дәм татып, арнайы құран бағыштап қайтты.

Гүлнар ӘЖІБЕКОВА,
Ү.Кәрібаев музейінің қызметкері.

♦ Жамбыл музейіне – 70 жыл

Жыр бабасы Жамбыл Жабаевтың өзінен үкімет адамдары Алматыға көшіріп алуын ұсынғанда: «Мен Ұзынағаш топырағынан жаралсам керек, менен сұрамай, сол топырақтан сұрандар. Жамыраған төлдің, айдалған жердің ішінде өскен адаммын ғой, маған сол үйренген орным қолайлы. Қалаға сүйреп қайтесіңдер, қатынап тұрсам да жарайды ғой. Өлсем қабірім де сол топырақтан болсын» деген екен.

1938 жылы Жамбыл Жабаевтың ақындық өнерінің 75 жылдығы тойланып, сол мерейтойға орай үкімет 12 бөлмелі үй салып береді. Бұл туралы Ә. Тәжібаев өз естеліктерінде былай дейді: «Сол жылы аудан орталығынан күнгейірек 15 километр жерде ақынның өзі тұрған колхозда (Қазіргі Жамбыл колхозы) төрт бөлмелі үй салынды, алты қанат ақ орда көтеріліп берілді. Үйдің маңайы қоршалып алма, алмұрт ағаштары тігілді. Келер жылы 12 бөлмелі үлкен үй, гараж салынып, электр жарығы орнатылды. Сонымен өлеңін жазатын белгілі ақын Қалмақан Әбдіқадыров, дәрігері Рақымбай Досымбеков, Жәкеннің сүйікті асын әзірлеп беретін Фатима Файзурахманова сияқты тағы басқа жәрдемшілері үнемі бірге тұратын болды. Әлі есімде үлкен үйі бітіп, бар бөлменің

«Киелі қара шаңырақтағы» мерей

төсек-орны, керек-жарағы орын-орынына қойылып, жайылып болған соң киіз үйде отырған ақынды жаңа үйіне әкелдік. («Социалистік Қазақстан», 15 июнь, 1946 жыл.)

Ұлы бабаның тұрған шаңырағы музей болып қызмет атқарып келе жатқанына биыл 70 жыл толды. Жамбыл Жабаевтың 100 жылдығы тойланған 1946 жылы Үкіметтің «өзінің үйі музей болсын» деген жарлығы шығып, 1947 жылдың мамыр айында келушілерге есігін айқара ашып, ондағы қызметкерлер Жамбыл бабаның өмірлік шежіресін таныстырып, қызмет атқарып келеді. Халықаралық музей күні, мәдениет күндерімен тұспа-тұс келген бұл мерекені Жамбыл музейінің қызметкерлері салтанатты түрде атап өтті. Музей ауласында «Киелі қара шаңырақ» атты әдеби-сазды шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараға ауылдың басқа да мекемелері – Жамбыл атындағы орта мектеп, Жамбыл мәдениет үйі мен өнер мектебінің ұжымы бір үйдің балаларындай атсалысып, бар ынтасымен іс-шараның жоғарғы деңгейде өтуіне үлес қосты.

Музейге кіре салысымен көздің жауын өнер мектебі оқушыларының салған суреттері алды. Оқушылар

музейдің ішкі, сыртқы көріністерін, ақынның қолданған ыдыс-аяғы мен жиһаздарын, автокөлігін әдемілеп салған еңбектері музей ауласына ерекше көрініс сыйлады. Өнер мектебінің ұстазы, суретші Қуат Күйшібаев шәкірттерінің тырнақалды дүниелері көңілімізді жадыратып, жүрекке жылы әсер қалдырды.

Музей қызметкерлері дайындаған банер мен стендтерінде музейдің жетістіктері, әр жылдардағы фотосуреттері қойылып, оған келген келушілердің жылы лебіздері жазылды. Музей мұрағатындағы суреттер баға жетпес құндылығын жоймайтындығы анық. «Музейдің салынып жатқан сәті», «Кесененің бұрынғы көрінісі», «1950-1980 жылдардағы музейге келушілер» т.б. фотосуреттер қойылды.

Алатаудың бөктерінде Жамбыл ауылындағы музей ауласында «Жамбыл ата келіндері» этнографиялық ансамблі көрме ұйымдастырды. Көрменің мақсаты қазақтың қолөнері мен этнографиясын дәріптеу, келешек ұрпақты өз дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу еді. Әдеби сазды шараға жазушы, 1966-1979 жылдары музейде басшылық қызмет атқарған Мұхаметжан Етекбаевтың жұбайы

Қазима Айдарбекова, аудандық «Атамекен» газетінің директор-бас редакторы Рәтбек Терлікбаев, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Жанат Тұрапов, Әбдіразақ Мәми атындағы мектеп директоры Марат Құрманқұлов, Жамбыл Жабаевтың немерелері Жұмахан Аққұлов, Жеңісхан Жамбылов, Сүйінбай музейінің меңгерушісі Аяужан Сәдуақасова, Ү.Кәрібаев музейінің меңгерушісі Әуелбек Ысқаков және музейде қызмет атқарған Жамбыл ата келіні Нұрғаныш Алғадаева мен Ләззат Қалиянова арнайы шақырылды.

Жамбыл Жабаевтың әдеби-ескерткіш музейінің меңгерушісі Мәулен Қожашевтың құттықтау сөзінен кейін шараны 20 жылдық тарихы бар «Жамбыл ата келіндері» ансамблінің апалары әсем әнімен ажарлап, шашуларын шашты. Жамбыл атындағы мектеп оқушылары Баба жырларын жатқа айтып қана қоймай, ақынжанды оқушылар өз арнауларын оқыды. Жамбыл атындағы өнер мектебінің оқушылары «Қос алқа», «Наркескен» күйлерін тартып, «Айару» би ансамблінің шәкірттері «Қазақ биін» биледі.

Қонақтарымыз да өз кәделерімен келді. Ү.Кәрібаев музейінің

меңгерушісі, Жамбыл атаның шәкірті «жырдың қара жорғасы» атанған Үмбетәлі Кәрібаевтың «Жамбылға арнауын» айтып берсе, Ә.Мәми атындағы мектеп директоры Марат Құрманқұлов өз арнауын оқыды. Сахналандырылған айтыс та қойылды, ән де айтылды. Бұл іс-шара өз деңгейінде өтіп, оған қатысқан азаматтарға көрермендердің ыстық ықыластары, алғыстары айтылды.

Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса,
Халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өсиетім: тек сол үшін құшағыңды аш!

– деп Жамбыл ата бізге өсиет қалдырып кеткендей, жырды сүйіп, халықты әдебиет нәрімен сусындатуға барынша тырыстық. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Бәсекеге қабілетті мемлекет ең алдымен өз тілін, дәстүрін, салтын білу керек» деп айтқан еді. Осы тапсырманы кішіне болса да орындадық деп есептейміз. Жамбыл атаның аруағы барша қазақ жұртшылығын қолдап, еліміздің ынтымағы мәңгі жарассын.

Нәзира ҚОЗЫБАҒАРОВА,
Жамбыл Жабаевтың әдеби-ескерткіш музейінің экскурсия жүргізушісі.

◆ **Өмірі – өнеге**◆ **Ерлігі – ел есінде**

БАЛАСЫ ШАЖАБАЙДЫҢ ТОҚА ДЕГЕН

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Ұлтымыздың ел болып етек жинап, көк тудың астына ұйысуында қарапайым ауыл адамдарының үлесі қай кезде де зор. Олар аттандап, ұрандамай-ақ өздерінің тәлімді тірлігімен туған жерді түлетіп, ұлт дәстүрін үлгіге сай жалғап келеді. Ұлағатты ұл-қыз өсіріп, ұрпақ сабақтастығын әкеден балаға аманаттаған осындай текті әулеттің бірі – Беріктас ауылындағы Шажабай атадан тарағандар.

Тоқа Шажабай 1918 жылы осы төңіректегі Жаманты ауылында дүниеге келген. Әкеден 13 жасында жетім қалған ол еңбекке ерте араласады. Ауыл мектебінен 7 жылдық білім алып, 1938 жылы әскер қатарына шақырылады. Фин, Халхын-Гол соғыстарына қатысып, 1941 жылы елге аман-есен оралады. Бірақ, сол жылы маусым айында Ұлы Отан соғысы басталып, әскерге өзімен бірге Нұрмаханбет, Тоқшылық есімді екі інісі бірдей аттанады. Өкініштісі, сол сұрапыл майданнан бауырларының оралмауы. Ал Тоқа болса, Курск, Беларусь майданындағы кескілескен ұрыстарға қатысып, 1944 жылы ауыр жараланады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1944 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Сондай-ақ, кейін ол «Маршал Жуков», «Отан соғысы» ордендерін және көптеген мерекелік медальдарды кеудесіне ілді.

Сұрапыл соғыс аяқталып, елге оралған жауынгер соң ол халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарына бел шеше атсалысады. Ауылдағы алғашқы партия ұйымын құрып, оған басшылық жасайды. Беріктас ауылы ол кездері «Дегерес» жылқы зауытының бөлімшесі болатын. Ашаршылық кезінде елден Қырғызстан жеріне және басқа жаққа ауып кеткен ағайындарды жинап, осында үлкен ауыл құруға белсене кіріскендер арасында Тоқа да жүрді. Алғашқы жылдары орталықты және жанармай қоймаларын басқарды. Кейіннен зейнеткерлікке шыққанға дейін жанармай қоймасының меңгерушісі болды. Адал еңбегімен ауылдың өсіп-өркендеуіне аянбай үлес қосты. Туған жерді түлету жолындағы еңбегі лайықты бағаланып, 1998 жылы Беріктас ауылының бір көшесіне есімі берілді.

Тоқа Шажабай он бала өсірді. Құдай қосқан жары Өзипа Әбдірахманова екеуі ұл-қыздарына өнегелі тәрбие берді. Бәрінің білім алып, үйлі-жайлы болуына



Тоқа әке мен Өзипа ананың қыздарының барлығы жоғары білімді маман, экономика, медицина саласының белді қызметкерлері. Ұлының үлкені Жұмабек бүгінде «Нұр Отан» партиясының Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары. Одан кейінгі ұлдары Дүйсебек – жеке кәсіпкер, Маратбек – энергетик, Манарбек – мемлекеттік қызметкер болды, Ұланбекі мұнай саласында бас-инженер болып еңбек етеді.

Бұл күнде Тоқа атадан тараған немерешөберелер тамыры терең алып бәйтеректің жапырағындай жайқалады. Ауылдағы үлгілі-өнегелі үлкен әулет осы. Тоқа атаның інісі Нұржақсыдан тараған Мейрам, Болат, Асхат, Мұхтар атты ұрпақтары да айтулы азамат атанып, әр салада жемісті жұмыс істеуде. Мәселен, Асхат «Бекзат» шаруа қожалығының жұмысын ұршықша үйіріп жүрген атакәсіп иесі.

Бүгінде абзал атаны бүкіл ауыл құрметпен еске алады. 1992 жылдың 4 қарашасында бақилық болған Тоқа (Тоқмұханбет) Шажабай артына үлкен із қалдырды. Жерлестері оның есімін әрқашан мақтанышпен атайды. Өнегелі өмірі, отаншылдығы, ауылды ұйыстырудағы еңбегі жас ұрпақ үшін ұлағат.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.
Суретте: Тоқа Шажабай.

жағдай жасады. Тоқшылық інісінен қалған тұяқ Божанов Есберген бұл күнде академик, Нью-Йорк Ғылым академиясының белсенді мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор.

Ауған соғысының тарихы бәрімізге жақсы мәлім. Соған сай ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына биыл 28 жыл толды. Деректерге жүгінсек, 2238 күнге созылған осынау әділетсіз соғысқа елімізден 22 мыңға тарта сарбаз қатысса, оның 924-і жат жердің топырағында мезгілсіз мерт болды, 21-і із-түссіз жоғалып, хабарсыз кетті.

ПАНДШЕР қаһарманы

Ал, бұл қанды қырғынға ұласқан соғысқа аттанған ауданымыздың 11 азаматы өзінің туған жеріне оралмай, майдан даласында көз жұмды. Сол соғыста дұшпандардың есін екеу, түсін төртеу етіп, күйрете соққы берген, ерен ерліктің үлгісін танытқан сардарлардың бірі, бүгінде отставкадағы полковник Керімбаев Борис Төкенұлы екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Кезінде «Қара майор» деген лақап атпен танымал жерлесіміз Борис Төкенұлы Керімбаев 1948 жылы 12 қаңтарда Аккайнар (Прудки) ауылында дүниеге келген. 1970 жылы В.И.Ленин атындағы Ташкент әскери училищесін тамамдаған. 1980-1983 жылдары Ауған соғысына қатысып, арнайы тапсырмаларды орындайтын мұсылман батальонының командирі болды. Оның сауатты басшылығының арқасында батыр командирдің сарбаздары аз шығынға ұшырап, көбінесе жеңіске жетіп отырды.

Пандшер шатқалында моджахедтердің атакты қолбасшысы Ахмад Шах Масудтың әскерімен жан аямай соғысқан оның ерлігі аңызға айналып, сол кездері «Қара майор» деген лақап аты күллі аймаққа жайылған. Дұшпандарды ойсырата жеңе білген батырға тұлға 1992 жылы денсаулығына байланысты полковник шенімен отставкаға шықты.

Мен Борис Төкенұлымен 1984 жылдары қызмет бабымен жүргенде таныстым. Ол кезде мен Қапшағай қаласының ішкі істер бөлімінде қызмет атқардым. Борис Төкенұлы Ауған республикасының ең жоғарғы орденімен марапатталған болатын. Ауғанстаннан оралған соң Борис Төкенұлы Керімбаев Қапшағай гарнизонының коменданты болып жемісті қызмет атқарды.

Жамбыл ауданының орталық ауруханасының жедел жәрдем бөлімінде



Ауған соғысының ардагерлері Қожақов Рысбек пен Кожемакин Александр жүргізуші болып жұмыс істейді. Жедел жәрдем бөлімінің ішінен ауған соғысының ардагерлері мен Борис Төкенұлына арнап кішігірім естелік бұрыш аштық. Кейінгі жастар біліп жүрсін деген оймен ол кісінің ерлігі туралы мәліметтер жинадым. Осы бұрышты ашуға аудандық ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Әділхан Жұмаханов пен басқа да ауған майданын көрген азаматтар жәрдемдесті. Ескерткіш тақта ашылған соң, жедел жәрдем ұжымының қызметкерлеріне «Қара майор» туралы деректі фильм көрсетілді.

Ойшы ТҮМЕНБАЕВ,
Қазақстан Ішкі істер министрлігінің
үздік қызметкері, Ресей Федерациясы
ІІМ-нің құрметті қызметкері
төсбелгісінің иегері.

◆ **Отан қорғау – қасиетті борыш**

САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Халқымызда «Отан – оттан да ыстық» деген қанатты сөз бар. Өйткені, Отанды қорғау қашанда қасиетті борыш. Елдің қауіпсіздігі мен тыныштығы бүгінгі күні жақсы жолға қойылған. Ұзынағаштағы

рәсімі өтті. Салтанатты жиынды № 28237 әскери бөлімінің командирі, подполковник Баянғали Есжанов ашып, мерекелік шараның мәні мен маңызына тоқталды. Бұдан соң ол әскери анттың маңызды құжат екені



Халық Қаһарманы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы атындағы № 28237 әскери бөлімшесі жауынгерлік құтқарушы полкін бәріміз жақсы білеміз. Мұнда Қазақстанның барлық облыстары мен қалаларынан өздерінің жауынгерлік борышын өтеу жолында сапқа тұрған сарбаздар заман талабына сай іс-қимыл танытуда.

Жуырда осы әскери бөлімшеде жауынгерлердің салтанатты түрде ант қабылдау

айтып, ҚР Ұлттық Ұланы қатарына енген жауынгерлер Қазақстан Республикасының халқына және оның Президентіне ақтық демі қалғанша адал болуға серт берді. Олар өзіне жүктелген міндеттерді, әскери жарғыны орындауға, бұл қызметтің бар ауыртпалықтарын көтеруге және командирлердің бұйрықтарын бұлжытпай орындауға ант қабылдайтынын көпшілікке жеткізді.

Аталған әскери бөлімнің сарбаздары салтанатты түрде сапқа тұрған соң жиынға алыс-жақыннан келген ата-аналар түгел жиналды. Алдымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын 3-ші құтқару ротасының командирі, аға лейтенанат Нұрманов көтерді.

Мерекке жиналғандар алдында Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Қаныбек Айтжанов, Жамбыл аудандық «Нұр Отан» партиясы хатшысының кеңесшісі Бауыржан Ақылбеков, Жамбыл аудандық қорғаныс істері бөлімінің басшысы, полковник Мырза Қаржауов, № 28237 әскери бөлімі ардагерлері атынан прапорщик Ниязбек Тілешов пен Шымкент қаласынан шақырылған қатардағы жауынгер Асылан Көшкінбайдың әкесі Талғат Естаев ізгі тілектерін көпшілікпен бөлісті. Бұдан соң салтанатты жағдайда сарбаздар әскери ант қабылдап, білімі мен күш-қуатын құтқару қызметіне арнайтындығын айтты. Балаларының арнайы ант қабылдаған сәтін көзбен көріп, көңіл сендіруге келген ата-аналар қуанышты сәттің куәсі болды. Өз кезегінде № 28237 әскери бөлімшесінің құтқарушылары, командирлері мен сарбаздары көпшілік алдында салтанатты шерумен жүріп өтті. Отан алдында ант қабылдаған жас сарбаздардың жауапты сәті олардың жүрегінде ұзақ сақталатыны анық.

Т.ТОҚТАСЫН.



АРДАГЕРЛЕРДІ
АРДАҚТАЙЫҚ

Ерлікке тағзым

«Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық» атты партиялық жобасы аясында ҰОС қаза тапқан батырлардың ескерткіштеріне сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Акция аясында Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған ардагер аталарымызға арналған ескерткіштерге тазалық жұмыстары жүргізілді.

Оған ауданның белсенді жастары, Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің студенттері атсалысып, тазалық жұмыстарын мұқият атқарды.

Бауыржан АҚЫЛБЕКОВ,
«Нұр Отан» партиясы
Жамбыл аудандық филиалының
кеңесшісі.

Байқау ережелері

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына үміткерлерге 2017 жылғы 19 шілде мен 19 қыркүйегі аралығында конкурс жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы (бұдан әрі – сыйлық) жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметі, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекеттік қолдау мақсатында жыл сайын осы қаулымен бекітілген номинациялар бойынша беріледі.

Өтінімдер қабылдау аяқталған кезде халықаралық және республикалық конкурс-тардың, фестивалдер мен көрмелердің лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлде-герлері мен жеңімпаздары болып табылатын 29 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал ететін кандидаттар сыйлық алуға үміткер болады.

Сыйлық бір уақытта әр номинация бойынша екіден артық емес ізденушіге берілуі мүмкін, бұл жағдайда оның ақшалай бөлігі

олардың арасында тең бөлінеді. Сыйлықты қайта беруге жол берілмейді. Бір кандидатураны бір номинациядан артық сыйлық алуға ұсынуға болмайды.

Сыйлық авторлар ұжымына берілген кезде, оның ақшалай бөлігі олардың мүшелері арасында тең бөлінеді.

Сыйлық алуға кандидатуралар ұсынуды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген өзге де заңды тұлғалар жүргізеді.

Орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген өзге де заңды тұлғалар уәкілетті органға мынадай құжаттарды қағаз және электрондық түрде жібереді: кандидаттың жеке куәлігінің көшірмесі, Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу өтінімі, қолдауат пен сыйлық алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама, марапаттау дипломдарының, грамоталарының, алғыс хаттарының көшірмесі (болған жағдайда), кандидаттың немесе кандидат туралы мақаланың, жарияланымдардың көшірмесі (болған жағдайда), кандидаттың

жетістіктерін растайтын өзге де материалдар (болған жағдайда).

Комиссияның спектакльдерді, кино және телефильмдерді, көрмелерді қарауын, концерттік бағдарламалар, сондай-ақ музыкалық және әдеби шығармаларды тындауын, ізденушінің қызметімен танысуын ұйымдастыру ұсынушы ұйымдарға жүктеледі.

Сыйлық беру туралы шешім Қазақстан Республикасының Үкіметі оны қабылдаған кезден бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлық беру туралы қаулысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Сыйлық алған адамдарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, диплом, төсбелгі және ақшалай сыйлық табыс етіледі.

Сыйлықтар салтанатты жағдайда беріледі, марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орайластырылады.

Үміткерлердің жоғарыда көрсетілген құжаттарын 2017 жылдың 19 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Жастар саясаты департаменті, Астана қаласы, Мәңгілік ел, 8, Министрліктер үйі (15-кіреберіс), 8/7172/74-18-43, 8/7172/74-13-85, m.mazhitov@diakom.gov.kz.zh.zhunusova@diakom.gov.kz мекенжайы бойынша қабылдайды.

подтверждающие материалы о достижениях кандидата (при наличии).

Организация просмотров Комиссией спектаклей, кино и телефильмов, выставок, прослушивание концертных программ, а также музыкальных и литературных произведений, ознакомление с деятельностью соискателя возлагаются на выдвигающие организации.

Решение о присуждении премии вступает в силу с момента принятия его Правительством Республики Казахстан. Постановление Правительства Республики Казахстан о присуждении премии публикуется в средствах массовой информации.

Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», вручаются диплом, нагрудной знак и денежная премия.

Премии вручаются в торжественной обстановке, церемония награждения приурочивается ко Дню Независимости Республики Казахстан.

Вышеперечисленные документы соискателей принимаются до 19 сентября 2017 года Департаментом молодежной политики Министерства по делам религий и гражданского общества Республики Казахстан по адресу: г Астана, ул. Мәңгілік ел, 8, Дом министерств (15-подъезд), 8 /7172/ 74 18 43, 8/7172/74-13-85, m.mazhitov@diakom.gov.kz. zh.zhunusova@diakom.gov.kz.

шалып, көмек сұрап жалбарынған. Мұндай қасиетті орындар Қазақстан бойынша көп-ақ. Халық оларға қазір де сенеді. Атақтысы – Қожа Ахмет Ясауидың кесенесі. Ал исламның секталары ата дәстүрге қарсы «таза дін» дегенді желеу етіп, ұлттық құндылықтарды жоққа шығарады. «Аруак» ұғымын қате деп, ертеден келе жатқан жаңа түскен келіннің «Сәлем салу» дәстүрін ширк санап, Аллаға серік қосу дейді. Сонда ата-бабамыздан қалған ұлттық салт-дәстүрден бас тартсақ, қалайша мұсылман боламыз?! Адамзудың басы осы.

Қазақ империяның боданы болған жылдары дінінен ажырап қала жаздады. Діннен ажырату – ұлтты жоюдың тиімді жолы деп санаған отаршыл топ нәтижеге жетуге барынша ұмтылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бері жастардың қайта дінге бет бұру процесі қарқынды жүруде. Бұл жақсылық нышаны. Бірақ, ел тыныштығын сақтап қалу үшін жоғарыда аталған фундаменталистік ағымдар жетегіне ермеу керек. Қазақтың салт-дәстүрін, тілін жат санамайтын ата-бабадан мирас болып қалған дәстүрлі діннен адаспай жол тапқан жөн.

Бұл жайлар «Абылай ханның түсі» деген аңызда да келтірілген. Аңыздың кейіпкері көріпкек қария Абылай ханның түсін былай жорыған: «Соңғы ұрпағың қоян болады, қояндай жалтақтап қорқып өтеді» деген. Қазір расымен де, діни миссионерлерге жалтақтап, ұлтын, тілін, дәстүрлі дінін сақтап қалуда батыл ұмтылудың орнына айдағанға көңілі, айтқанға ергіш болып барамыз ба, қалай?!

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Алаң

Жерден жеті қоян тапқандай болып мақтанатын дөнеңе жоқ. Ай мен Күннің аманында «Ақыл-ой ұрысы» туралы бастап кетейік сөзімізді. Мұндай атаумен біз мүлдем басы бүтін көзсіз бір адамға есіл-дерті ауған адамды жатқызамыз. Оның наукасына диагноз қоймас бұрын, салдарын тексеріп көргеніміз жөн шығар.

ФАНАТИЗМНІҢ АҚЫРЫ



Бұл инфекцияны жұқтырып алғандардың басында көзі қарауытып, ұйқысы қашады екен. Ол өзі ақыл-есімен біржола берілген жанға күн болса күн, түн болса түн, жұмысын, ұйқысын, демалысын бар тірлігін қайырып қойып, соған өзінің алтын уақытымен, баға жетпес өмірін сарп етуден тайынбайды екен. Сондай ессіздердің көбі бақытсыздыққа тап болғанда өзін жазым етіп тынады. Неге дейсіз бе? Ақыл-ой жүйесі тұсалып, аяғы кісенделіп қалады. Бұқпа деген аурудың бүгінгі дендеген түрі осыдан келіп шығуда.

Қасиетті қалам шарифте «Өздеріңді өз қолдарыңмен өлтірмендер», – деп ескерту айтылса да, көзі ашылмағандар бәрібір сол жолмен кете береді. Себебі, имани иммунитеті өте төмендіктің салдары. Нарық заманында «Ақыл-ой» ұрыларының атағы аспандап, даңқы жер жарған дүние ғой бұл. Құлқынның қамы үшін, минуттық ләззаттар үшін тұқымын өзі тұздай құртатын қауіпті будандар да жоқ емес. Күніге көк жәшіктен жоғалып кеткендер, асылып қалғандар, өзіне қол салғандар туралы зарлаған хабарлар құлақты жауыр етуде. Оған мына мың құбылған заманда жұмыссыздық пен тоқмейілу және жалқаулық қосылды.

Ал, енді бағамдай беріңіз. Кімді-кім ұрлайды? Қалай ұрлайды? Жаратылысынан асылзада атанған, бегзада болмысты пенденің болмашы нәрсеге бола өмірін көмір қылып, аяғы көкпен келсе, тек қолымыздан келетіні жазғырамыз, даттаймыз. Бірақ соған жеткізбей тұрып, жанашырлық танытып, өзіміздің қатарымызға тартпаймыз. Өте салқынқанды, тас жүрек роботтарға айналып бара жатқандаймыз.

Рухани байлығы төмен адамдар белгілі бір талант иесінің, иә болмаса асқан шебердің, музыканттың, қас сұлудың, т.т. фанаттары болып кете береді. Сол фанаттардың ақыры сұп-суық өліммен аяқталып жатады. Өзінің ойлау қабілетін жоғалтып, өзгенің жылтырағы мен сандырағына елітіп кететін бұл нендей күш болды екен. Жұрттың анасары ауып, аузынан түспейтін «Психологиялық ауытқу, қара энергияның әсері», – деген жаңсақ пікірлерге тели салсақ болар еді. Бірақ, ондай «Көзсіздік қасіреті» біздің ұлтта атымен болмаған еді ғой. Бүгінгі таңда екінің бірінің аузынан шығатын сөз: «Мен оның басыбайлы фанатымын», – деп көпіру. Ал енді қайтесіз.

Сау басына сақина тілеп қана қоймай, өзгені қарасына тартып, індетке жұтылып бара жатқан бауырлар мен қарақөздерді қайтеміз. Оларды қалай тоқтатамыз. Оған басын ауыртып жатқандар да шамалы. Қой құрысын дей саламыз.

Ал дін тұрғысынан, сенім тұрғысынан фанатқа айналып кеткендердің де жайы оңып тұрған жоқ. Атыс пен шабыс, ұрыс пен қырыс. Зәуде бір оларға жақындай қалсақ болғаны, жүздерінен жалын бүркіп, тілдерінен тікен безеп шыға келеді. Неге десеңіз, басы бүтін сол адамның айтқанына жүрегі мен санасын ұрлатып қойғанның кесірі. Ақшаңыз бен дүние мүлкіңіз ұрланып жатса орны толар, ақыл-есіңіз тоналып жаса қиынның-қиыны сол. Бұл осы қоғамның алдында тұрған шешімі табылмай жатқан сауалдың бірі. Амал нешік...

Ш.ОРАЛХАН.

Порядок проведения конкурса

Министерство по делам религий и гражданского общества Республики Казахстан объявляет конкурс на соискание Государственной молодежной премии «Дарын» Правительства Республики Казахстан с 19 июля по 19 сентября 2017 года.

Государственная молодежная премия «Дарын» (далее – премия) присуждается ежегодно по номинациям в целях государственной поддержки талантливой молодежи за плодотворную научную, творческую, общественную деятельность, а также за высокие спортивные достижения.

На соискание премии претендуют граждане Республики Казахстан в возрасте до 29 лет на момент окончания приема заявок, являющиеся лауреатами международных и республиканских конкурсов, фестивалей и выставок, призерами и победителями спортивных соревнований республиканского и международного уровней, а также кандидаты, деятельность которых является инновационной и способствует развитию соответствующей отрасли и общества в целом.

Премия может присуждаться одновременно не более чем двум соискателям по каждой номинации, в этом случае ее денежная часть

делится поровну между ними. Повторное присуждение премии не допускается. Одна и та же кандидатура не может выдвигаться на соискание премии более чем по одной номинации.

При присуждении премии коллективу авторов ее денежная часть делится поровну между его членами.

Представление кандидатур на соискание премии производится центральными, местными и иными государственными органами, общественными объединениями и иными юридическими лицами, зарегистрированными в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Центральные, местные и иные государственные органы, общественные объединения и иные юридическилица,зарегистрированныевпорядке, установленном законодательством Республики Казахстан, направляют в уполномоченный орган следующие документы в бумажном и электронном виде: копию удостоверения личности кандидата, регистрационную заявку по форме согласно приложению, ходатайство и справку о достижениях соискателя премии, копии наградных дипломов, грамот, благодарностей (при наличии), копии статей, публикаций кандидата или о кандидате (при наличии), иные

Діни ағымдар зардабы

Дін – адамзатты ізгілікке тәрбиелеп, елді ұйыту мақсатынан туған терең түсінік. Ал діни ағымдар ше, олардың ұстанған бағыты қандай? Қазақтың дәстүрлі діні дегенді қалай түсіну керек? Осы мәселелер төңірегінде ой өрбітеміз.

Бүгінде діни ағымға кіріп, оның шырмауына ілігіп, жан дүниесімен берілген азаматтар қоғамға қауіп төндіруде. Береке мен бірлік дарыған мемлекетіміздің тыныштығын бұзатын ағымдарға тұсау салынып, тамырына балта шабылса, оның өкілдері тиісті қылмыстық жаза алса, іргесі берік, мәңгілік елге айналады. Ислам діні ағымдарына салынып, шалыс қадамға барғандар жылдан-жылға көбейіп отыр. Сондықтан исламның сол ағымдарының аттарын біліп, олардан бойды аулақ ұстап жүрген жөн.

Ислам діні негізгі 4 ағымға бөлінеді: 1. Мутазилит (кадарит) 2. Сифатит (суннит) 3. Хариджит 4. Шиит Ерте кездерде осы төрт ағымнан 59 секта пайда болды. Мысалы: 1. Мутазилиттерден: василит, хузаилит, наззалиит, хабити және хадасит, бишрит, муаммарит, мурларит, сумалит, хишамит, джахизит, хаййатит және каабит, джубаит және бахшамиттер.

2. Сифатиттен: ашарит, мушабихит, каррамиттер. 3. Хариджиттен: мухаккимит, азракит, наджит-азирит, байхасит, аджрадит, салабит, суфрит-зйадиттер пайда болса, 4. Шиит ағымынан негізгі 5-секта:

1. Кайсаниттен: мухтарит, хашимит, байанит және разимит тарап шықты.

II. Зайдиттен: джарудит, сулайманид, салихит және бутридтер.

III. Имамиттерден: бакирит және джафрит-вакифит, наvusит, афтахит, мушайтит, исмаилит-вакифит, мусавит және муфаддалит, иснаашариттер.

IV. «Сонғы» шииттерден: сааит, камилит, илбаит, мансурит, хаттабит, каййалит, хишамит, нуаманит, ионусит деген секталар бөлінді.

V. Исмаилит Бұлар ертеректе туған секта түрлері болып саналады. Жакынырақта пайда болған ағымдарға: матурудит, исмаилиттер, друздар, мусталиттер, низариттер, Ибн Араби, Хабашиттер, саялиттер, Ибн Таймия, Ваххабиттер, Хизбут-тахрир, ахмадиттер, бахаит-терді жатқызамыз.

Осылайша, ислами секталардың жалпы саны пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисінде ескерткендегідей, 73-ке жеткен. Осынау көп ағымдар арасында тура жолды табуға жан-жақты білім керек. Ислам секталары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған, азғырушылар алқымнан алған заманда сауатты уағыздаушылардың аз болуы, жеткілікті үгіт-насихаттың жүргізілмеуі өкінішті.

Ата-бабаңыз ежелден әулие-әнбиелердің бейіттеріне барып, құран бағыштап, сиынған. Қиындыққа душар болғанда, әулиелердің мазарына барып, құрбандық

Қой шаруашылығының басым бағыттары

◆ Ғылым және өндіріс

ларымен будандастыру негізінде алынған «Етті меринос» жаңа қой тұқымдарының табындары. Аналықтарының жуылған жүн түсімі 3,0-4,0 кг, тірі салмағы 55-65 кг, төлшендігі 120-130%, жүн жіңішкелігі негізінен 64-сапалы болатын «Қазақстан мериносы» және аталған көрсеткіштер аналықтарында тиісінше 2,5-3,0 кг; 65-75 кг, 130-140%, 64-сапалы және 4-4,5 айлық қозыларының ұша салмағы 18-20 кг-ды құрайтын «Етті меринос» тұқымдарын шығару жөніндегі жұмыстар аяқталып, селекциялық жетістіктерді апробациялау туралы құжаттар мақұлданды және ол тұқымдарға ҚР Әділет министрлігінің санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің авторлық куәліктері берілді.

Қазақстанда өсірілетін қой тұқымдарының өсіру аймағының экстремалды жағдайларындағы өнімділік қасиеттері және өнім өндіру қабілеттері шетелдік ұқсас өнімділік бағытындағы тұқым малдарынан әрқашан басым болады. Табиғи-экономикалық жағдайлардың айырмашылықтарына байланысты Қазақстанда европалық және басқа қой тұқымдарын таза тұқымды өсірудің келешегі мардымсыз, ал оларды еліміздегі қой шаруашылығын жақсартуға пайдалану тек отандық қой тұқымдарының генефондын қолдану негізінде ғана тиімді болады. Сондықтан шет ел қойларының генефондын тереңдете қатырылған ұрық және эмбрион түрінде пайдаланған жөн.

«Қазақтың етті тез жетілгіш биязылау жүнді» тұқымының қойлары өнімділік қасиеттері бойынша шетелдік аналогтарынан (ағылшын, канада және жаназлендия гемпширлері) қалыспайды. Жаңа тұқым қойларының еті жоғары дәмділік қасиеттерімен және мраморлығымен ерекшеленеді. Аталық қошқарлардың тірі салмағы 90-100 кг, аналықтарда 62-66 кг, 4 айлық қозыларда 32-34 кг-ды құрайды. Рентабельділігі — 50-70% аралығында. Жалпы саны 10 мың бастан астам, негізінен Алматы облысының шаруашылықтары өсіреді.

Тұқымдық материалды өндіру және сатуға шығарудың келешегі мол тәсілдеріне әртүрлі өнімділік бағытындағы өнімділігі жоғары аталық қошқарлардың ұрығын алу, криоконсервациялау және қойларды қолдан қашыру жатады. Осы мақсатпен өсіп-өну зертханасы жанында Алматы облысының Жамбыл ауданында фермерлік және жеке шаруашылықтар үшін биязы, биязылау жүнді және етті-майлы өнімділік бағыттарындағы иелігіндегі 600 бас қошқары бар дистрибуторлік орталық құрылды.

Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының ұзақ жылдардағы еңбектерінің нәтижесінде 2014-2016 жылдар аралығында 2 қой тұқымы — қазақстан мериносы және қазақтың етті тез жетілгіш биязылау жүнді, биязы және биязылау жүнді өнімділік бағыттарындағы 7 тұқымдық және зауыттық сүлелер мен желілер апробациядан өтті.

Аса бағалы отандық және шетелдік генефондты селекциялау, сақтау және кеңінен тарату мақсатындағы өсіп-өну биотехнологиясын, сонымен қатар азықтандыру және күтіп-бағу технологиясын қолдану жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды және Жамбыл облыстарының негізгі шаруашылықтарында жүргізілуде. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жалпы қойдың саны 150 мыңнан асатын 54 шаруашылықта өндіріске енгізілді.

Серік ОСПАНОВ,
қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.

Қазақстан Республикасының ДСҰ-на кіруі Қазақстанның қой шаруашылығын ішкі және сыртқы нарықта үлкен сұранысқа ие биязы және биязылау жүндердің жоғары сапалы

биязылау жүнді; ақжайық, қазақтың етті-жүнді және қазақтың етті тез жетілгіш биязылау жүнді; үшеуі етті-майлы өнімділік бағытында: қазақтың құйрықты ұяң жүнді, сарыарқа құйрықты қылшық



ассортименттері және қой еті, әсіресе қозы еті өндірісіне бағыттап қайта бағдарлауды қажет етеді.

Соңғы 10 жылда әлемдегі қойдың басы 10-11%-ға азайған, сондықтан жүн өндіру 30%-ға қысқарған, ал қой етін өндіру 32,5%-ға артқан. Қой етін өндіруді арттыруда қойдың өсіп-өну және еттілік қасиеттерін жетілдіру келешегі бар бағыт болып табылады.

Қой шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында ҚР ҰҒА-ның 1 академигі, 16 ғылым докторы, 25 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Бұл институт Халықаралық Іскерлік Кеңесі Жоғарғы Женева бизнес институты және «IN-SAM» басқармасы бекіткен, іскерлік практика саласындағы «Европалық гранттың» халықаралық құрмет дипломымен марапатталды.

Фиалиал құрылымында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ұйымдастырылған және қой өнімділігі бағыттарына сәйкес 7 ғылыми бөлім құрылған: — биязы жүнді, биязылау жүнді және етті-майлы қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, технологиялық және қой мен ешкіні азықтандыру бөлімдері, қой мен ешкіні өсіп-өндіру биотехнологиялық зертханасы, жүн зертханасы. Институт құрылымына әкімшілік-басқару аппараты және шаруашылық бөлімі кіреді.

Ғылыми-техникалық кітапхана қоры 70 мыңнан астам басылымды құрайды, оның ішінде 35,4 мың журнал қоры бар. Анықтамалық-зерттеу қоры 300 мыңнан асады, библиографиялық картоткалар, диссертациялық қор — 130 бірлік, 1944 жылдан басталған. Институт Алматы облысы, Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылында орналасқан. Оның аумағында бас корпус ғимараты, биотехнологиялық зертханалар, физиологиялық аула, өндірістік ғимараттары және ет зертханасы бар.

Қой шаруашылығы ҒЗИ ғалымдарының ғылыми басшылығымен 10 қой тұқымы шығарылып бекітілді. Жаңа бірегей тұқымдар республиканың белгілі бір аймақтарындағы табиғи-климаттық, азықтық жағдайына бейімділігін есепке ала отырып шығарылған. Бұл аталған селекциядағы жетістіктердің өзгеше ерекшеліктері болып табылады. Шығарылған тұқымның бесеуі биязы жүн бағытында: қазақтың биязы жүнді, қазақтың оңтүстік және қазақтың солтүстік мериносы, етті меринос, Қазақстан мериносы; үшеуі

◆ Егін орағы

Биыл Ақтерек ауылдық округінде егін орағы қарқынды жүргізілуде. Нақты дерекпен дәйектей түссек, Ақтерек ауылының дәнді дақыл себілген жалпы алқап көлемі 7500 гектарды құрайды. Оның ішінде 4800 гектар күздік бидай, 2700 гектар жаздық арпа

ДАЛА ТЫНЫСЫ

бар. Қазіргі уақытта округте 200 гектар жаздық арпа мен 2400 гектар күздік бидай орылды. Орта есеппен 1 гектар күздік бидайдан 18 центнер, 1 гектар жаздық арпадан 15 центнерден өнім алынып, астық сақтайтын қамбаға 4620 тонна дәнді дақыл құйылды.

Сонымен қатар қазіргі таңда егіс алқабында 4 «Вектор» комбайны, 5 «Енисей» комбайны және 3 «К-700», 5 «МТЗ-80» тракторлары жұмыс істеуде. Округтегі Темірлан Шәйнұсіпов басшылық жасап отырған ірі шаруашылық «Ақтерек», сондай-ақ «Алтыбай», «Қасымқұл», «Айзақ» шаруа қожалықтары егіс алқаптарындағы қызу жұмысты жоғарғы деңгейде атқарып, Сержан Сейітов, Ауғанбай Әбдіхалықов, Берік Назарқұлов, Жанабек Байдәулетов, Жәнібек Қасенов, Қуатбек Жұмағұлов, Ерлан Естемесов сынды азаматтар аянбай еңбек етуде.

Әйгерім ӘБУ.

Ауыл шаруашылығы жануарларын және жануарлардан алынатын өнімдерді тасымалдау кезінде мемлекеттік қызмет көрсету

Құрметті аудан тұрғындары!

Ұзынағаш ауылы Сәтпаев көшесіндегі № 117 үйде орналасқан Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 Бұйрығына сәйкес жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды шетелге тасымалдауға рұқсат ететін құжаттар мен ветеринариялық сертификаттарды алуға болады.

Жалпы Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясының көрсететін қызметі:

– Экспорттау кезінде орын ауыстыратын объектілерге ветеринариялық сертификат беру.

– Тиісті әкімшілік аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалай отырып, транзитке рұқсат беру.

Ветеринариялық сертификат беруге қажетті құжаттар тізімі:

1). Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 Бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес өтініш.

2). Жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжат.

3). Жануарлардан алынған өнімдерді және шикізатты тасымалдағанда лабораториялық тексеруден өткендігін растайтын сараптама актісінің көшірмесі.

4). Үй жануарларын (ит пен мысық) тасымалдау кезінде ветеринариялық паспорт көшірмесі.

5). Респуликаның бір әкімшілігінің аумағынан екінші аумағына тасымалдау барысында ветеринариялық анықтама.

Тиісті әкімшілік аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалай отырып, транзитке рұқсат беру:

1). Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 Бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес өтініш.

2). Жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжат.

3). Жануарлардан алынған өнімдерді және шикізатты тасымалдағанда лабораториялық тексеруден өткендігін растайтын сараптама актісінің көшірмесі.

4). Занды тұлғалар үшін – атауы, мекенжайы, жануардың және жануарлардан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде өндіріс объектісінің есептік нөмірі және жануардың жеке нөмірі.

Экспорттау кезінде орын ауыстырылатын объектілерге ветеринариялық сертификат 3 жұмыс күні ішінде беріледі. Тиісті әкімшілік аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалай отырып, транзитке рұқсат беру құжаты 10 күнде беріледі.

Біздің мекенжайымыз: Ұзынағаш ауылы, Сәтпаев көшесі № 117. Тел: 2-15-92, 2-00-51.

Гүлзада ТӨЛЕУҚЫЗЫ,
ҚР АШМ ВБ және ҚК Жамбыл ААН-сы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Белсенділік танытты

Біздің Жамбыл атындағы іргелі білім ордасында жаз айы басталысымен оқушылардың көңілді демалысы ұйымдас-тырылды. Бірінші ауысымда 100 оқушы аудандағы тарихи-өлкетану орындарына саяхат жасап, әсем табиғат аясында ойнап, суға шомылып, туған жердің таза ауасымен тыныстады. Ал, екінші ауысымда 60 оқушы Таңбалытасқа барып, көне дәуірде тасқа қашалып салынған суреттермен танысты. Енді үшінші ауысымда демалатын 80 оқушымен алдағы жұмыс жоспары жасалды. Мектепте демалыста жүрген оқушыларға арналған ағылшын, орыс тілі үйірмелері жұмыс істейді. Бұдан бөлек «Тілдік» лагерь оқушылардың тілдік қорын жетілдіру арқылы білімін ұштау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарды.

Лагерьде түрлі спорттық ойындар мен жарыстар ұйымдастырылып, жас өрендерді саламатты өмір салтына бейімдеп келеміз. Біз жазғы лагерьмен балаларды 87 пайыздық көрсеткіште қамтыдық. Мектеп ауласын көгалдандырумен 5-8 сынып оқушылары айналыса, 9-11 сынып оқушылары құрылыс бригадасына тартылды. Сынып жетекшілері Қ.Елубаева, А.Қамысбаева бұл жұмыстардың нәтижелі атқарылуына баса мән берді. Ал, бірінші ауысымда лагерь жұмысымен шұғылданған мұғалімдер Ж.Керімбаева, Т.Төлегенова, Қ.Алжанбаева, М.Исағұлова мен А.Мұсанова жауапкершілік танытып, белсенділігін байқатты.

Айжан РЫСКЕЛДИЕВА,
Жамбыл орта мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Индетті жою – міндет

Мен – ұстазбын, тәрбиешімін болашақ ұрпақтың тағдырына жауаптымын. Сол себепті шынайылыққа, адалдыққа бала-ларды тәрбиелеуіміз керек. Оның бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Адалдыққа үйрету керек

Қазіргі жаңартылған білім беру саласында оқушылар өз құқықтарын біліп, өз ойларын еркін айтып, алған бағаларын шынайы біліп отыруы керек. Соны білген келешек ұрпақ та шынайылыққа үйренеді деп ойлаймын.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды анықтап, оның жолын кесуді, алдын-алуды жүзеге асыруды қазіргі таңнан бастап балаға үйрете білу керек. Қызметтік міндеттерін адал орындау керектігін әр қызметкердің санасына сіңіріп, жемқорлық көріністерін түп-тамырымен құрту үшін оған қарсы әрекеттер жасау керек. Осыған бағытталған шараларды мақсатты негізде жүзеге асыру маңызды болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізу тек мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның әрбір азаматының міндеті.

А.ЖАНПЕЙСОВА,
Көкқайнар ауылындағы орта
мектебі директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.

Сауатты тамақтану – ұлт денсаулығының негізі

Сауатты тамақтану – халық денсаулығын, балалардың дұрыс өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді. Олардың физикалық және ақыл-ой тұрғысынан дұрыс дамуына жол ашады. Жұмысқа қабілетін арттырады, алиментарлық аурулардың алдын алады.

Тамақтану сауаттылығының бес негізі бар:

1. Тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (белок, май, көмірсу);
2. Тамақ рационалды қосымша заттардың болуы (витаминдер, микроэлементтер);
3. Тамақ нәрлілігі адамның жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
4. Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
5. Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық нормаларына сай болуы.

Біздің ағзамызға тағаммен бірге көп мөлшерде мынадай заттар түсіп отыру қажет: белок, май, көмірсу, дәрумендер, микроэлементтер, минералды заттар. Ол өз кезегінде ағзадағы тіндер мен жасушалардың үнемі жаңарып, дамуын қамтамасыз етеді және энергия көзі болып табылады. Адамның тұтынатын тамағы, яғни ішетін асы оның жұмсайтын энергиясымен сәйкесу керек.

Дұрыс тамақтанудың негізгі ұсыныстары

1. Бір ғана азық-түлік ағзаның қажеттілігін өтей алмайды, сондықтан да тағамның әртүрлілігі өте маңызды. Тамақ әр түрлі болуы үшін азық-түліктің түрін көбейтіп қана қоймай, сондай-ақ олардан түрліше тағамдар дайындау қажет;

Жаз айлары мектеп оқушылары үшін ерекше кезең. Демалыс оқушылардың жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыдан дамуына, жетілуіне көмегін тигізеді. Сондай-ақ, бұл уақыт тән-тұрпаттың табиғатпен

Төнге – серпін, жанға – қуат

ерекше үндестік тауып, көзқарасының қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын тамаша мезгіл. Әйтсе де, балаларды тынықтыра жүріп шынықтыру мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу де маңызды орын алады. Осыған орай, балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында «Сұраншы батыр ауылындағы орта мектеп МДШО» КММ-нің жанынан ашылған «Күншуақ» атты жазғы сауықтыру лагері ашылды. Лагерьдің ауылымызда орналасуы әрбір балаға демалыс күндерін тау бөктерінде мәнді өткізіп, таза ауамен тыныстауына мол мүмкіндік береді.

Ауылымыздың жанға жайлы ауа райы, мөлдір суы мен тап-таза бұлақтары, өзендері бала әлеміне табиғат арқылы әсер етеді. Жазғы сауықтыру лагерінде тәрбиешілер А.Әлтеннова, А.Ысқақова, кітапханашылар мен аспаздар, мектеп

психологтары, тазалықшылар және медбикелер 3 кезең бойы жұмыс істеді. Соған сай бірінші ауысымда 20 бала қамтылды. Балалар бағдарлама бойынша жұмыс істеп, ән шырқап, би биледі. Сурет салып, түрлі ойындарға

елтіді. Өз өнерлерін көрсетіп, «Бақытты балалық шақ!» тақырыбында асфальтқа түрлі суреттер салды.

Ауысымның жабылу сәтінде балалар 20 күн ішіндегі өздерінің көңіл-күйлерімен бөлісіп, белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. «Сұраншы батыр ауылындағы орта мектеп МДШО» КММ-нің жанынан ашылған «Күншуақ» атты жазғы сауықтыру лагері осылайша балалардың жазғы демалысын ұмытылмастай етіп іске асыруға бар күш-жігерін жұмсады. Иә, жаздағы жақсы демалыс – жыл бойына қажетті күш-қуат.

Динара БИТАНОВА,
«Сұраншы батыр ауылындағы
орта мектеп МДШО» КММ-нің
бастауыш
сынып мұғалімі.

Ерекше әсерге бөленді

Жаз басталып, мектеп оқушылары демалысын әркім әртүрлі өткізіп жатыр. Дегенмен, осы мезгілді қызықты, пайдалы өткізу ұстаздар қауымы үшін үлкен міндет. Себебі, оқушының әрбір бос уақыты байлықпенен пара-

пар. Сондықтан оны пайдалы демалыс арнасына бұру кемел болашақтың кепілі болмақ. Ынтымақ орта мектебі жыл сайын жазғы лагерь есігін айқара ашып, балғындарды үздіксіз қабылдайды. Онда оқушылар тек ойын-сауық бағдарламаларымен ғана емес, рухани-тәрбиелік сабақтармен де қамтамасыз етіледі.

Осындай мақсатпен бастауыш сынып оқушыларын Үмбетәлі ауылындағы ақынның мемориалдық мұра-жайына қыдырып апардық. Бізді музей директоры Әуелбек Ысқаков қарсы алып, жастарды музей көрнекіліктерімен, әдеби мұралармен таныстырды. Рухани қуат алып, қанат қаққан үздік мектеп оқушылары да белсенділік танытып, жан-жақты сұрақтарын қойды.



Жалпы саны жиырма жасөспірімнің ішінде көзге түскендері: Еділ Аяжан, Аманқұл Әділет, т.б. Экскурсия соңы сол ауылда жаңадан жұмысын бастаған Үмбетәлі Кәрібаев атындағы жасыл саябаққа барумен

жалғасып, ойындарға ұласты. Содан кейін оқушыларды Ұзынағаш ауылына әкеліп, жуырда ашылған «Шынасыл» орталық мешітіне кіргізіп, имандылыққа баулыдық. Қызықты жаздың сол күні ерекше әсерлі өтті.

Торғын ТОҚСЕЙТОВА,
Ынтымақ ауылындағы орта
мектептің педагог-психологы.

Пікір

Мен кіммін?

Әрбір адам «Мен кіммін?» – деген сұраққа «Алланың құлымын» деп жауап береді деген ойдамын. Себебі, осы өмірге келгеніміз үшін әуелі жаратушымызға, одан кейін ата-анамызға алғыс білдіру міндетіміз. Бұл сөзбен мен жасөспірім оқушы қыз екенімді айтқым келеді. Иә, мен он бірінші сынып оқушысы, ата-анамның тұңғышы, Ертаевтар әулетінің бір мүшесі, болашақ студент, біреуге құрбы, біреуге әпкемін. Қазіргі таңда ата-анамның зор үмітін арқалап, алтын ұямды тастап, үлкен өмірге ұшқалы отырмын.

Әрбір адамның өзіндік жеке орны болады. Сол сияқты менің де достарымның арасында, отбасымда, мектепте орным бар деп ойлаймын. Ол менің жеке пікірім. Мүмкін басқа адамдар менің бұлай өзіме баға беруім дұрыс емес деп ойлар. Мен оған келіспеймін. Қандай да болсын адам өзін-өзі кемшілігімен де, жақсы қасиеттерімен де жақсы көре білуі тиіс.

Жалпы адам баласы болған соң ойланасың, ал ойланған сайын ойың да көбейе түседі. Мысалы, адам болып бұл дүниеге келген соң адамдық қасиетінді жоғалтпай, адам болып қалу да бір міндет деп білемін.

Барды қанағат тұтпай, жоққа күлетін заман ғой қазір. Біреуді кемсітіп, мазақ қылу да осы сәттің еншісінде болып тұр. «Жаратылғанды кемсіту, ол Жаратушыға тіл тигізумен тең» деген сөз бар емес пе? Осы сөзді қазіргі кейбір жастарымыз түсінбей жүрген секілді. Үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсету, білгенінді өзгеге үйретіп, барыңмен бөлісу – осы емес пе, адамдық ізгі қасиет дегеніміз? Жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін өзіндік ой мен пікір болуы керек деп ойлаймын әр адамда. Пенде болған соң қателеспей тұрмайсың, сол қателіктен адамдық қасиетімді жоғалтып аламын ба деп үрейленемін. Мен осындай іштегі кішігірім толғаныспен жүретін қазақтың ерке қызымын!

Назерке ЕРТАЕВА,
Қайназар ауылындағы
орта мектеп түлегі.

Дәрігер кеңесі

Тамақтану режимін сақтау өте маңызды. Тамақтану режимі мыналарды қамтиды: тамақты қабылдау мезгілдігі, тамақ қабылдау аралығындағы үзіліс. Күнделікті төрт рет тамақтану керек, оның екеуі міндетті түрде ыстық ас болуы қажет. Тамақты күн сайын белгілі бір сағаттарда ішу маңызды. Бұл жағдайда ағзада уақытқа шартты рефлекс қалыптасады, яғни тамақ ішу белгіленген уақытта асқазан сөлі көбірек бөлінеді, тәбет ашылады, тамақты жақсы қорытуға жағдай жасалады. Асқазан ішілген тамақтан шамамен 4 сағат шамасында босайды, сол себепті тамақ ішудің арасы 3-3,5 сағаттан кем болмауы және 4-4,5 сағаттан аспауы керек. Тамақты жиірек ішкен сайын асқазан-ішек жолдары жұмысының ырыға бұзылады. Егер тамақ ішу аралығында үзіліс өте ұзаққа созылып кетсе, онда күшті ашығу сезімі туындайды және оны қанағаттандыру үшін көп тамақ ішу қажет болады, бұл да асқазанның қорытуын қиындатады. Төрт мезгіл тамақтану кезінде тәуліктік рационды бөлу күн тәртібіне және әдеттенуіне байланысты істеледі. Рационды мынадай тәртіппен бөлу анағұрлым тиімді: таңертеңгі асқа 25%, түскі ас 35%, сәскелік ас 15%, кешкі ас 25%. Ақырғы тамақ қабылдау уақыты ұйқыға дейін 3 сағат бұрын болуы тиіс.

Осы табиғаттың игілігін күн сайын пайдаланатын болайық. Өзімізді керемет көңіл-күймен, сымбатты дене бітімімен және де келешекте ауыр сырқаттардан сақтауды қамтамасыз етейік. Дұрыс тамақтанып, салауатты өмір сүріңіздер!

З.КҮШТЕКОВА,
аудандық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасының басшысы.
Г.ГАШИМОВА,
АҚДСБ-ның маманы.

Құттықтаймыз!..



Қарақыстақ ауылының тұрғыны, алты баласын әлпештеп өсірген асыл текті анамыз, бүгінгі күні қастерлі де қымбатты ақылшымыз, өмірдегі ең аяулы ақ жаулықты ардағымыз

ЫДЫРЫСБАЕВА Шайымханды

80 жасқа толған мерейімен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулығының мықты, ғұмыр жасының ұзақ болуына тілектеспіз.

Аяулы біздің анамыз, Ақылға кенен данасыз. Өмірде әркез панамыз, Анашым өзің ғанасыз. Тар құрсағың кенітіп, Тас емшегің жібітіп, Өсіріп бізді жеткіздің. Мерейіне арналар Тілегіміз көп біздің. Құтты болсын, анашым, Бүгінгі туған күніңіз. Немере мен шөбере, Қызығын көріп бәрінің Қуанып ылғи жүріңіз, – деп құттықтаушылар: бүкіл Топантай әулеті, ұлы – Марат Ешмұханбетов, келіні – Ханшайым Тәуірбаева.



Сұраншы батыр ауылының тұрғыны, балдай тәтті баламыз **ТЕМІРЛАНҰЛЫ Аронды** 25 шілдеде 1 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Қызғалдақтай жайнай берсін өмірің, Судай толып көтерілсін көңілің. Ешқашанда жүрегіңді кір шалмай, Бақытты да ұзақ болсын өмірің. Туған күнің құтты болсын бүгінгі, Өзіне арнаймын балапаным, жырымды. Тіл мен көзден, қауіптерден сақташы, Жаратушы мына менің ұлымды, – деп құттықтаушылар: әке-шешесі – Темірлан-Арайлым, әпкесі – Назгүл және оның достары.

ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Биылғы жылдың 10-31 шілдесі аралығында табиғатты қорғау жұмысының саласы бойынша «Шекара» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараға аудандық әкімшілік және криминалдық полиция, тергеу және анықтау бөліністерінің күштері мен құралдары тартылып, олар өзара тығыз жұмыс жасап, жұмыла әрекет етуде.

Сондай-ақ, жол көлік оқиғаларының артуына байланысты халық көп шоғырланған жаяу жүргіншілер өтетін инфрақұрылымдық кешендер мен жол өткелдерінде жол ережесін бұзған жаяу жүргіншілерді анықтау мен олардың қатысуымен болатын жол көлік оқиғаларын болдырмау, алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың 21-23 шілдесі аралығында аудан аумағында «Жаяу жүргінші» жедел іс-шарасы өткізілуде. Аталған профилактикалық іс-шараға АІБ мен ЖПП саптық бөлінісінің барлық жеке құрамы жұмылдырылып, халық көп шоғырланған жаяу жүргіншілер өтетін инфрақұрылымдық кешендер мен жол өткелдерінде жол ережесін бұзған жаяу жүргіншілер анықталып, олармен профилактикалық жұмыстар қатаң түрде жүргізілуде.

Анар КАРБОЗИНА,
Жамбыл АІБ жергілікті полиция қызметінің
аға инспекторы, полиция капитаны.

“Бастау Бизнес” жобасы бойынша тестілеу кезеңі туралы хабарландыру

Сіздерді “Бастау Бизнес” жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерінің тегін оқуына қатысуға шақырамыз. Оқуға қатысу үшін тестен өту қажет екенін ескертеміз. Тест кезеңі 2017 жылы 28 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Ұзынағаш ауылы, Жандосов көшесі, № 85 үйде өтеді.

Қызығушылық танытқандар Жамбыл ауданының кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталығына, жұмыспен қамту орталығына, ауылдық округ әкімдігіне жүгіне алады.

Өзіңізбен бірге төл құжаттың көшірмесі, мекенжай туралы анықтама болуы керек.

Оқу мерзімі – 1 ай және оқуға қатысушыларға стипендия төленеді.

Толық анықтаманы мына телефон арқылы аласыздар:

79019, 87014928456.

Объявление о начале этапа тестирования по проекту «Бастау Бизнес»

Приглашаем Вас принять участие в бесплатном обучении основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес». Для прохождения обучения необходимо пройти тестирование. Этап тестирования начинается с 28 августа по 1 сентября 2017 года, по адресу: с.Узынагаш, ул.Жандосова, д.85.

Желающих просим обратиться в Центр поддержки предпринимательства Жамбылского района, центр занятости района либо акиму сельского округа или населенного пункта.

При себе иметь документы: копию удостоверения личности, адресную справку.

Срок обучения – 1 месяц. Участникам программы будут выплачиваться стипендии.

Телефон для справок: **87014928456, 79019.**

ПРОДАЕТСЯ СТО

Продается СТО (Станция технического обслуживания)
2 подъёмника, комната отдыха работников, комната под офис, туалет, душ. Есть помещения под открытие сопутствующего бизнеса (Столовой, буфета и т.д). обращаться по адресу с.Узынагаш ул.Сатпаева №115 (рядом с районной ветстанцией). Тел. **8705 603 73 94 Сайлау.**
* * *

СДАМ В АРЕНДУ

Действующую парикмахерскую обращаться по адресу и тел:
с.Узынагаш, ул. Карасай батыра № 9 Тел: **8705 603 73 94. Сайлау.**
* * *

Сдам в аренду помещение под бутики в ТЦ «Төре». Тел: **8-777-834-51-15.**

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. Тел: **87078518758, 87474606295.**

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ұзынағаш ауылының орталық көшесінде 1 бөлмелі пәтер сатылады. Газ бен орталық су жүйесіне және интернетке қосылған. Қыста жылы, жазда салқын, тұруға өте ыңғайлы. Көңілдеріңізден шығады. Телефон: **87477407001.**

ПРОДАМ ДОМ

Продам 4-х комнатный дом (есть кухня, коридор, веранда, кладовка) в селе. Узынагаш. Во дворе есть хозпостройки. Участок дома 10 соток. Вода – центральная, забор – кирпичный, ворота – металлические, окна – пластиковые, стоянка. Площадь 76,5 кв. метр, кухня 23,4 кв. метр. Дом каркасно-камышитовый. Тел: **8-701-758-07-28.**

ЖЕР САТЫЛАДЫ

Ұзынағаш ауылында үй салуға қолайлы жер телімі сатылады. Тел: **8-771-834-51-15; 8-777-834-51-15.**

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** Әкбар Сайранбектің атына берілген Қайназар ауылы Орталық көшесі № 205 жер телімінің кадастырлық нөмірі 03-045-126-858 (0,0900 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЕСКЕ АЛУ



Сағынып, рухына құран бағыштап, еске алудан басқа шара бар ма, біздерге?!

Бақыт дейді, бақыт бар ма

жалғанда, Көнеміз ғой тағдыр басқа салғанға. Өзімізді санаушы едік бақытты, Әкетайым ортамызда болғанда.

Тағдырдың салғанына көнеміз, Еске алып сені жылда біздер

келеміз. Сенен алған ақыл менен кенесті. Ұрпағыңа аманат қып береміз.

Алла алар, өзі берген жандарын, Тілейміз біз жұмақтан орын

болғанын. Туыс, бауыр, достарынан

сұраймыз, Дұға оқып, естеріне алғанын! – деп еске алушылар: ұлдары мен қыздары, келіндері мен күйеубалалары, немерелері мен шөберелері.

Самсы ауылының тұрғыны, марқұм **Марат ӘБДИҒАЛЫМҰЛЫ** көзі тірі болса биыл шілденің 19-да 60 жасқа толар еді. Ортамыздан



мезгілсіз бақилыққа аттанған ардақты әкеміздің қазасын қабырамыз қайысып еске аламыз. Тағдырдың жазуына шара бар ма. Жарқын бейне жадымызда мәңгілік сағынышқа айналды. Рухына құран бағыштадық!

Қырандайын биік ұшқан қырағы, Жарқын бейне жадымызда тұрады. Әттен, мына жазмышқа не шара, Қазаңызға жақындарың жылады. Өзің шаштың мына бізге нұр-сағым, Елеместен өмір жауын-бұршағын. Жігеріңнен жігерленіп қашанда, Мәңгі сізді құрметтейді ұрпағын! – деп сағына еске алушылар: **жұбайы – Алтын, ұл-қыздары, бауырлары, әпке-жезесі, қарындастары мен жеңгелері, келіндері және немерелері.**



күніне орай сағынышпен еске аламыз.

Жылы сөзіңіз құлақта тұр жаңғырып, Сағыныш мұң тұр ғой бүгін жанды үгіп.

Ерте өмірден оздыңыз ғой амал не, Бейнеңіз тұрады есте мәңгілік. Жазмыштан амал қайсы аспаймыз, Рухыңызға құран-дұға бағыштап, Сізді ұмытпай мәңгі есте сақтаймыз. деп еске алушылар: **қарындасы – Сәуле, күйеу баласы – Өсербай, жиендері – Дәрия, Арайлым.**

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Күәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 4891 дана. Тапсырыс – 29
• Индексі – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».